

**Қазақстан Республикасы
Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті
Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак**

ИСЛАМТАНУ ЖӘНЕ АРАБ ФИЛОЛОГИЯСЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Университеттің 15 жылдық мерейтойына орай өткізілген «Ислами оқу орындары және олардың жаңсақ түсініктерді түзетудегі рөлі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары (2016 ж.)

XV

ПРОБЛЕМЫ ИСЛАМОВЕДЕНИЯ И АРАБСКОЙ ФИЛОЛОГИИ

**Материалы международной научно-практической конференции
«Исламские учебные заведения и их роль
в исправлении ошибочных воззрений», приуроченной
к пятидесятилетию университета (2016 г.)**

**Алматы
«Нұр-Мұбарак»
2017**

ӘОЖ 28
КБЖ 86.38
И 87

Редакциялық алқа:

Жуда Абдулғани Басюни, ғылым докторы, профессор; Ахмед әл-Амир Исмағил, ғылым докторы, профессор; Сәид Абдулмажид Сәид Мұхаммед, ғылым докторы;
Шамшәдин Керім, филол. ғыл. докторы, профессор; Мұхитдин Исаұлы, ғылым докторы;
Алау Әділбаев, ғылым докторы.

Исламтану және араб филологиясы мәселелері: – Халық.ғыл.-тәжір.конф.мат-ры. – Проблемалары исламоведения и арабской филологии. Мат-лы междунар. науч.-прак. конф. – Алматы: «Нұр-Мұбарак» баспасы, 2017. – Қазақша, ағылшынша, арабша. Т.15. – xxx бет

ISBN 978-601-7071-37-0

Жинақ Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің 15 жылдық мерейтойына орай өткізілген халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция баяндамалары негізінде құрастырылған. Онда исламтану, дінтану, философия, араб филологиясы, т.б. көкейкесті мәселелер қарастырылған. Еңбек қазақ, араб, ағылшын тілдерінде ұсынылған.

ӘОЖ 28
КБЖ 86.38

ISBN 978-601-7071-37-0

© Нұр-Мұбарак» баспасы, 2017
Барлық құқықтары сақтаулы

<i>Марат Әзілханов</i>	
Құттықтау сөз	5
<i>Мухаммед Мұхтар Жұма</i>	
Құттықтау сөз	7
<i>Ержан қажы Малғажыұлы</i>	
Құттықтау сөз	9

ИСЛАМТАНУ ЖӘНЕ ДІНТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

<i>Шамшәдин Керім</i>	
Нұр-Мұбарак университетінің исламды оқытудағы рөлі	14
<i>Алау Әділбаев</i>	
Жат ағымдарға төтеп беруде дәстүрлі ханафи мәзһабының рөлі мен маңызы	17
<i>Әли Әлмұхаметов</i>	
Дін мен дәстүрдің сабақтастығы	26
<i>Базар Хамзеева</i>	
Діни тұрақтылықты қамтамасыз етудегі дін мамандарының рөлі	33
<i>Мұхитдин Паттеев</i>	
«Құран», «аят» және «сүре» сөзінің этимологиясы	38
<i>(Тұрлығазы Медеуов)</i>	
XIX ғасыр мен XX ғасырдың бас кезеңіндегі Қазақстандағы қажылық мәселесіне тарихи шолу	49
<i>Жұлдызай Мейір, Бақытгүл Мәдігұлова</i>	
Компаративистика – діндер диалогы	55
<i>Бақытжан Сатершинов, Мәдина Бектенова</i>	
Қазақстандағы діни бірегейлік және исламдық дәстүрлер	59
<i>Асқар Әкімханов</i>	
Имам Матуриди іліміндегі «иман» ұғымының түпкі мәні (Хақиқат әл-имән)	65
<i>Сәмет Оқан</i>	
Әл-Матуриди: Ислам және толеранттылық	82
<i>Бағдат Манабаев</i>	
Ортағасырлық ғұламалардың рухани бірлігі	88
<i>Нұрлан Кайырбеков</i>	
Ханафи әдебиеттеріндегі «мухтасар» жанрының қазақ руханиятына әсері	95
<i>Сейдмухамед Абдунаим, Мұратхан Махмет</i>	
Әл-Кердери еңбектеріндегі қылмыстық іске қатысты үкімдер мәселесі	106
<i>Оралхан Сейдманов</i>	
Нажм ад-дин ан-Насафи – кәлам ғалымы	120
<i>Болатбек Абуов, Серік Тәжібаев</i>	
Діни білім беру арқылы экстремизмнің алдын алу	127
<i>Баян Құльбекова, Светлана Раева</i>	
Islam and bringing up children	134

Бақытжан Сатершинов,

ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты дінтану бөлімінің меңгерушісі, философия ғылымдарының докторы, доцент,

Мәдина Бектенова,

ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты дінтану бөлімінің ғылыми қызметкері, PhD докторант

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДІНИ БІРЕГЕЙЛІК ЖӘНЕ ИСЛАМДЫҚ ДӘСТҮРЛЕР

Осы заманғы тарихи даму барысында Қазақстан саяси тәуелсіздігіне қолы жетісімен зайырлы мемлекет мәртебесін алды, қазіргі уақытта әлемдегі ең үлгілі зайырлылық нұсқасын жасауға талпынуда. Бұл нұсқаға сәйкес зайырлы мемлекет пен дін арақатынасының және діндердің өзара қарым-қатынасының өзіндік үлгісі қалыптастырылуда. Егеменді Қазақстан Республикасының алғашқы қабылдаған заңдарының бірі – 1992 жылдың 15 қаңтарындағы «Дін ұстану бостандығы және діни бірлестіктер туралы» заңы болды. Алайда, мейлінше либералды әрі демократияшыл бұл заңның жұмсақтығын жатжерлік теріс пиғылды діни ағымдар өз мүддесіне пайдаланып, елімізде қалыптасқан дінаралық татулыққа сызат түсіріп, діни ахуалды шиеленістіруге тырысқаны белгілі. Нәтижесінде, 2011 жылы Қазақстанда Дін істері агенттігі құрылып, 18 қазанда ҚР-ның «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңы қабылданды. Бұл заң Қазақстан Республикасының өзін демократиялық, зайырлы мемлекет ретінде орнықтыратынын, әркімнің ар-ождан бостандығы құқығын растайтынын, әркімнің діни нанымына қарамастан тең құқылы болуына кепілдік беретінін, халық мәдениетінің дамуы мен рухани өмірінде ханафи бағытындағы исламның және православтық христиандықтың тарихи рөлін танитынын, Қазақстан халқының діни мұрасымен үйлесетін басқа да діндерді құрметтейтінін, конфессияаралық келісімнің, діни тағаттылықтың және азаматтардың діни нанымдарын құрметтеудің маңыздылығын танитынын негізге алады.

Адамзат тарихында қашанда өзекті болып келген дін бүгінгі күні жалпы әлемде де, қазақстандық қоғамда да көкейтестілігімен көзге түсіп отыр. Алдымен, ол адамзаттың экзистенциалды болмысымен, руханилығымен байланысты. Бұл тұрғыдан алғанда дін қашанда өзекті. Екіншіден, оның өзектілігі, бүгінгі әлемде қалыптасқан ахуалда діннің саясатпен астасуымен байланысты. Көпшілік дінді тазалық пен нық сенімнің нәтижесінде адам жүрегінен орын алатын ілім ретінде қабылдағанымен, те-

ріс пиғылды саясатшылар оны өзге мақсаттағы құралға айналдырып отыр. Үшіншіден, тоталитаризм тұсында атеистік бағытта тәрбиеленген біз үшін діннің өзектілігі тәуелсіздік тұсындағы дүниетанымдық және рухани ізденістермен байланысты.

Жалпы алғанда, өркениеттер арасындағы айырмашылықтардың арнасы кең, ол әсіресе, осы тарих пен мәдениет, салт-дәстүрлер мен дін саласында айқын байқалады. Өркениеттерді жіктеп, бөлуде діннің рөлі барған сайын күшейе түсуде. Сананың жаһандануына қарамастан, оқшау өркениеттік сана-сезім «мәдени тамырларға қайта оралу» құбылысына байланысты жаңа сатыға көтеріледі. Мәдени немесе діни ерекшеліктер мен айырмашылықтар тұрақты болғандықтан, оларды шешу саяси және экономикалық мәселелерді шешуге қарағанда әлдеқайда күрделі болып келеді.

Бүгінгі күні діни сана мен діни бірегейлік немесе жалпы діндарлық мәдени парадигмалардың мазмұнын анықтайтын маңызды көрсеткіш болып отыр. Діндарлық арқылы бұқаралық және жеке санаға ықпал етіп, саяси стратегиялар құрылады. Қазіргі қоғамда діндарлық адамның менталдық болмысының іргелі сипаттамасы ретінде қарастырылады. Посткеңестік басқа елдердегі тәрізді Қазақстанда да діннің рөлі ең үдемелі қоғамдық фактор болып табылады, ол азаматтардың өмірлік құндылықтық-мәндік контекстерін өзгертетін қоғамның даму мақсаттарына айтарлықтай ықпал етеді.

Діннің көп жағдайда осы заманғы демократиялық және құқықтық мемлекеттердің (мысалы, дамыған Батыс елдерінің) элеуметтік-мәдени өмірінде де қомақты рөл атқаратынын естен шығармаған жөн. Екінші жағынан Қазақстанда діннің қайта түлеуі бұрынғы тоталитарлық жүйенің жоюға шақ қалдырған қазақ халқының дәстүрлі ұлттық құндылықтарын қайта жаңғыртуымен байланыстырылады. Бір сөзбен айтқанда, Қазақстандағы діннің қайта жаңғыруы «қазақшылықты» қайта жаңғыртумен сипатталады. Ханафилік мәзһаб түсіндірмесіндегі сүннилік ислам «қазақшылықтың» ажырамас элементі болып табылады.

«Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жолдауында мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев қазіргі таңда сүннилік ислам бағытындағы ханафи мәзһабының маңыздылығын атап өтеді. Бұл дәстүрлі дін өз ерекшелігіне орай қазақстандық қоғамдағы діни-мәдени толеранттылықты орнықтыруға септігін тигізіп, жалған діни түбірдегі экстремизм, лаңкестік және тағы да басқа төзімсіз, агрессивті пиғылдарға қарсы тұрып, сұхбаттық сананың дамуына үлесін қосады. Сондықтан ханафи мәзһабының реконструктивті герменевтикасы исламдық доктринаның құқықтық аспектілерін тек терең зерттеуді ғана емес, сонымен қатар оларды конфессияаралық қатынастар тәжірибесінде қолдануын қажет етеді.

Яғни, ұлтты ұйыстырушы тетіктердің бірі – дін десек, ислам дініне деген жаппай бет бұрушылықтан ынтымақтың ұйытқысын аңғаруға болады. Орталық Азия халықтарының, оның ішінде қазақ халқының әлеуметтік-мәдени қалыптасуындағы исламның рөлін ретроспективті бағалау бүгінгі күндері өзінің жаңа қырларын танытып отыр. Ұлттық менталитет пен дәстүрлі мәдениетке, қазақы салт-сана мен жүріс-тұрыс қалыбына әбден сіңген ислам діні әлеуметтік белсенділікті жақтай отырып, қазіргі демократиялық құндылықтардың көпшілігіне қайшы келмейтіндігімен сипатталады.

Ислам қазақ халқының діни руханиятының негізі болып табылады, себебі ол дінге тікелей қайшы келмейтін бұрынғы сенімдермен, салт-дәстүрлермен араласып, заманауи рухани мәдениетке тән арнайы симбиозды құрады. Ислам өзінің таралуының бастапқы сатыларында қазақтардың рухани және мәдени сұранысына толықтай жауап берді. Ол өзінің біріктіруші әлеуетін жүзеге асырып, интеграциялану, қазақ халқының ұлттық және діни тұрғыдан өзіндік бірегейлену үдерісін жылдамдата түсті.

Ислам діні жалпы адамзатқа түскен дін екендігі белгілі, сондықтан да ол адамзаттың әр алуандығын, яғни ұлттар мен ұлыстарға бөлінетіндігін мойындайды. Сондықтан бұл дінде «әмбебаптық» пен «жалпыны қамтушылық» ұстындары, ізгі ойлау, сөйлеу және амал етуге негізделген позитивизм ұстанымы алдыңғы орынды алады. Сүннилік исламның ханафилік мәзһабына инклюзивті қарым-қатынас тән болып келеді.

Инклюзивті дүниетаным «басқаларды жатсынбай қабылдайтын, онымен қоймай, басқалармен ортақ тұстарды іздейтін» менталитет пен плюралистік дүние қабылдауды білдіреді. Сүннилік пайымдағы исламның дүние қабылдауы әркімді болмысына сай табиғи қабылдауының немесе «инклюзивтілігінің» көріністерін қазақ халқының дәстүрі мен ұлттық құндылықтарынан көптеп кездестіруге болады. Мысалы, қазақтар бейбіт кезеңде буддист-жоңғарлармен де, христиандармен де, мысалы, (қазақтардың көбісінің орыстар арасында «тамыры» болған, қазақтар жоңғарлармен сауда жасаған, кейбірі тіпті, отбасын құрған) орыстармен, казактармен тығыз қарым-қатынаста болған. Қазақтардың «рушылдығы» мәні жағынан «инклюзившіл»/инклюзивті болды. «Қарға тамырлы қазақ», «қазақтар жөн сұраса кетсе туыс болып шығады» деген мәтелдер басқа руды, басқа жүзді бөтенсімей, іш тартуынан келіп шығады. «Құдалықты» биік тұтқан дәстүрлер (құда мыңжылдық, күйеу жүзжылдық) және тұтастай рулар мен тайпаларды туысқа айналдырып жіберу үрдісі қазақтардың «инклюзивтілігін» дәлелдейді. Қазақтардың бұл менталитеті бір жұбайы мысырлық болған соң Египет тұрғындарына «Пайғамбардың туыстары» ретінде ілтипатпен қарауын мұсылмандарға өсиет еткен Мұхаммед пайғамбардың терең мәнді хадисімен үндес келеді. Жеті атаға дейін үйленуге рұқсат бермей, керісінше, алыс рулар

мен тайпалармен некеге тұрғандарды көтермелеу де осы жалпыны қамтушылықты аңғартады. Нәтижесінде, қазақ тілінде соншалықты айрықшаланатындай диалектілер жоқ, тек аздаған жергілікті сөйлеу ерекшеліктері бар. Қазақтардың «рушылдығы» басқа рулар мен тайпалар арасынан «жау» тауып, қақтығысуға емес, туыстардың бірнеше ұрпағына дейін жететін «тарамдалған туыстық байланыстар орнатуға» және өзара «ынтымақтастыққа» бағытталған.

Қазақтардың жалпыны қамтушылығы мен инклюзивтілігі қуғын-сүргінге ұшыраған халықтармен қарым-қатынасында да анық көрініс тапқан. Мәселен, 1920-жылдардың аяғы мен 1930-жылдардың басында қазақтар өздері аштан қырылып жатса да, Қазақстанға айдалған, репрессияға ұшыраған әртекті халықтарды (кәрістер, немістер, түріктер, шешендер, күрдтер және т.б.) өз жеріне қабылдап паналатқан. Тіпті, АЛЖИР, КарЛаг сияқты түрмелерде қамауда жүргендерге аштан өлмесін деп, айдауылдардың көзінше тас лақтырғандай көрініп, құрт лақтырған.

Шет жерден келген кейбір исламдық ағымдардың қазақы дәстүрге қатысты теріс пікірлер айтып жүргенін құлақ естіп, көз көріп жүр. Мұның шындыққа қаншалықты жанасып/жанаспайтынын ханафилік мектептің жоғары мораль мен иләһи адамгершілікке негізделген әдіснамасы мен «имандылықтың» қазақша түсінігін салыстыру арқылы көз жеткізуге болады.

Сүннеттік пайымдағы исламның биік мораль мен иләһи адамгершілікке негізделген ұстыны өз мағынасында «адамшылықты, ар-ұят, моральдық тазалық пен асқақтықты» білдіретін «имандылықтың» қазақы түсінігімен ұқсас.

Пайғамбардан сүннет болып қалған бұл өсиеттер жалпыны қабылдайтын инклюзивтілік ұстынының өзегінде жатыр және бұл рух қазақтардың ғасырлар бойы ұстанып келген дәстүрлі ханафилік мәзһабтағы сүннилік исламның да негізін құрайды. Және осы тұста ислам құндылықтарының қазақтың дәстүрлі құндылықтар жүйесіне, сүннеттің қазақы салт-санаға, хадистің ғұрыпқа сіңіп кеткенін атап айту қажет.

2014 жылы Ұлытау төріндегі сұхбатында Елбасымыз айтқандай, «қарап отырсаң, қазақ ешқашан дінінен айырылып көрген емес. Ешқандай уақыт үзілісі болмағандай, дінімен қайта қауышты да, әрі қарай жалғастырып жүре берді». Иә, қазақ қылышынан қан тамған атеистік заманда да балаға азан шақырып ат қойды, оны сүннетке отырғызды, ақырында адамды мұсылмандық жөн-жоралғымен ана дүниеге шығарып салды. Дегенмен, атеистік сана мен тәртіп жергілікті исламдық дәстүрге әсерін тигізбей қоймады, белгілі дәрежеде тамырдан ажыраушылық орын алды. Оның салдарын қазіргі қазақстандық постатеистік, постсекулярлық қоғамнан байқауға болады.

Қазақстанның КСРО құрамында болған кезеңінде, саналы түрде жүргізілген атеизм идеологиясы нәтижесінде көптеген діндер, соның ішінде ислам тұрмыстық деңгейде болып, халықтың салт-дәстүрі ретінде ғана ұстанды. Осыған байланысты кеңестік кезеңдегі Қазақстанда дін тек мемлекеттен ғана алшақтап қоймай, қудаланып нәтижесінде атеистік дүниетанымдағы адамдар саны ұлғайды. Рухани тәрбиенің бір бөлігі ретінде діни тәжірибенің, діни тәрбиенің жоқтығы адам өміріндегі діннің тарихи рөлі мен орнын түсінудегі сабақтастықтың жойылуына әкеліп соқтырды.

Дінге бет бұрудың жағымды үдерісінің астынан жатжерлік діни ағымдардың теріс пиғылды таратуы салдарынан орын алған жағымсыз үрдіс те бой көрсетіп отыр. Жаңа ғасырдың басында біз тап келген діни ахуалға ұқсас жағдайды Мәшһүр Жүсіп сипаттап жазып кеткен өткен ғасырдың басынан кездестіруге болады: Ол «Қазақ мақалында бұрынғы әулие өткен ата-бабалары айтып кеткен: «Қойды шартық бүлдіреді, елді қортық бүлдіреді», – деген. Сол мақалдың хақиқатын, міне, біздер көзімізбен көріп, қолымызбен ұстағандай болып нандық. Қазақ ішіне кім келеді? Онан қашқан, мұнан қашқан, жамандықпен көзін ашқан келеді», – деп сипаттаған. Сөйтіп, «қара қазақтың көңілін жақсы ниеттен, ізгі пиғылдан айыруға көп себеп болды». Қазіргі таңдағы діни жағдай, сарапшылардың пікірінше, тұрақты деп сипатталғанымен, әлемдік геосаясаттағы діни фактордың күшеюі, қазақстандық қоғамның дінге қатысты жаһандық үрдістерге ашық болуы діни пиғылдағы экстремизм, терроризм және жалған діндер мәселесін алға тартады.

Қазір халықтың аузында: «дін: ұстана білсең қасиетің, ұстана білмесең қасиретің», – деген сөз бар. Президенттің Ұлытау төріндегі сұхбатында айтылған сөздері осы ойға жетелейді. Иә, ханафи мәзһабы халқымыздың дәстүрлі құндылықтар жүйесінен берік орын алған толеранттылық ұстынын ұстанатын, діндегі қасандыққа жол бермейтін исламның бірыңғай бағыты саналады. Елімізде исламның дәл осы үлгісі қабылданған. Елбасы Н.Ә. Назарбаев атап өткендей: «Соқыр фанатизм біздің бейбітсүйгіш халқымыздың психологиясы мен діліне мүлде жат. Ол Қазақстанның мұсылмандары ұстанатын ханафи мәзһабына қарама-қайшы».

Президент Н. Назарбаев тек біздің дініміз ғана дұрыс екен деп жүрген басқа елдердің жағдайының мүшкіл екендігін, Таяу Шығыстағы сүннилер мен шииттер арасындағы қырқысты мысалға ала отырып, ескертті. Дін атын жамылып, «таза исламды» дәріптеп, жүректегі мейірімнен айырылған мұсылмандарды тілге тиек етіп, жаугершілік пен қатыгездік емес, бейбітшілік пен ізгілік жағына, діннің ажыратушылық емес, біріктірушілік жағына көбірек көңіл аудару қажеттігін алға тартты. Көршілес елдердегі жағдайларға алаңдамай, елді сабырлық пен шүкірлікке, төзімділікке шақырды. «Болашақ бізге бетін бұрып тұрғанда» бірлік пен ынтымақ-

ты, келісім мен татулықты сақтау мейлінше, маңызды екендігін атап өтті. Сол себепті де Қазақстан Республикасында тәуелсіздік алысымен-ақ дінаралық татулық пен рухани келісім саясаты жүргізіліп келеді. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездері Астанада тұрақты өткізіліп тұрады.

Қазіргі қоғамдағы діни плюрализм, жаңа діндердің алуан түрлілігі, ортодоксті діни түсініктерге жаңаша түсіндірме беру аясында бүгінгі күн діндарларының діннің тарихи мазмұны мен даму жолын дұрыс түсінбей, тұлғаның бірегейленуі формасының ішінен діни бірегейленудің басым түсуіне алып келді. Біздің көзқарасымыз бойынша бұл, қазіргі таңда орын алған діни экстремизмнің түрлі формаларына, діндарлардың тарихи сенімге сәйкес келмейтін діндерге, дәстүрлі емес діни бағыттарға бет алуының себебі болып отыр.

Қазіргі әлемде діни плюрализм саясаты ар-ождан еркіндігі мен діни толеранттылықты алдыңғы орынға қойып, қоғамдық сананың ерекше рухани формасы ретіндегі дінге деген қатынасты түбегейлі өзгертті. Қазақстанда жүргізіліп келе жатқан рухани келісім мен конфессияаралық татулық саясаты, сондай-ақ әлемдегі ислам факторы жаңарған диалогиялық (сұхбаттық) ойлаудың жаңа парадигмасын қалыптастыруға үндейді. Мемлекет пен дін арақатынасында біз өзге елдердің тәжірибесі мен оларда болып жатқан оқиғалардан сабақ пен тағылым ала біліп, халқымыздың рухани дәстүрлерінде бар және бүгінгі саясат ұстанып отырған ашықтық пен төзімділіктің қалыптасқан қазақстандық үлгісін сақтай білуіміз керек.